

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің  
жанындағы Атбасар қаласының  
«Алтын бесік» бөбекжайы» МКҚК  
менгерушісі Төлғамбаева Ж.Е.  
«09» 2022-2023 оқу жылы

**Ортаңғы «Қарлығаш» тобының 2022 - 2023 оқу жылына  
арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

**Топ/сынып** ортаңғы «Қарлығаш» тобы

**Балалардың жасы** 3жастағы

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;</p> <p><b>Жүру.</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</p> <p><b>Қимылды ойындар</b> Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.</p> <p><b>Шынықтыру шараларын жүргізу.</b> Тыныс алу жаттығуларын жүргізу</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Дауысты(а,ә,е,о,ұ), дауыссыз дыбыстарды(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з) дыбыстарды анық айту.</p> <p><b>Сөздік қор</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p>

	<p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p><b>Шығармашылық сөйлеу іс әрекеті</b> Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау</b> Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау,</p> <p><b>Оқу әңгімелеу</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p><b>Мазмұндау</b> Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп айтуға баулу.</p> <p><b>Театр дағдыларын дамыту</b> Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға баулу.</p> <p><b>Моральдық нормалар түсінігі</b> Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>
Математика негіздері	<p><b>Жиын</b> Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Көп</b> Көп,бір ұғымдарын қалыптастыру заттардың санын ажыратуға үйрету:көп-біреу(біреу-көп),біртекті заттарды топтасыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу,Қанша»сұрағына жауап беру.</p> <p><b>Шамасы</b> Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p>

		<p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы) және геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде, астында, алдында артында, оң-сол.</p> <p><b>Уақыт бойынша бағдарлау</b> Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p><b>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары</b> тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</b> Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.</p> <p><b>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі</b> Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі</b> Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу.</p> <p><b>Заттар әлемі</b> Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Жол ережелері</b> Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдарламалық белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
	<p>Құрастыру</p>	<p><b>Құрылыс материалының құрылысы</b> орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,</p>

	<p>пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;</p> <p><b>Қағаз құрылысы</b> Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс</b> Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру</b> Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру</p>
Сурет салу	<p><b>Заттық сурет салу</b> Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі</p> <p><b>Сюжетті сурет салу</b> Қазақ ою өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап, салуға баулу.</p> <p><b>Сәндік сурет</b> Құмға таяқшалармен асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p>
Мүсіндеу	<p><b>Заттық мүсіндеу</b> Ермексаз кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (Ойыншықтар, ыдыстар)</p> <p><b>Сюжеттік мүсіндеу</b> Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p><b>Сәндік мүсіндеу</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.</p>
Жапсыру	<p><b>Заттық жапсыру</b> Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті,</p>

		<p>қиялды дамыту.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру</b>  Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сәндік жапсыру</b>  Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен,геометриялық фигуралардың(дөңгелек, шаршы, үшбұрыш ортасына,бұрыштарына дайын ою-өрнектерін жапсыру арқылы киіз,кілем,көрпе,алаша,орамал және т.б. жасау.</p>
Музыка		<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау;</p> <p><b>Ән айту</b>  Дыбыстаудың бірыңғай күші мен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.</p>